ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

Қаржы нарығына шолу

2019 жылғы IV тоқсан

Алматы, Қазақстан

Қаржы нарығына шолу нарыққа қатысушылар үшін өтімділіктің негізгі ағындары қозғалысының неғұрлым толығырақ мәліметін беру мақсатында қаржы нарығындағы негізгі үрдістер туралы ақпаратты қамтиды.

Құжатты Ақша-кредит саясаты департаменті дайындады. Ұлттық Банктің ресми интернет-ресурсында электрондық нұсқада жарияланады.

2019 жылғы IV тоқсандағы ақша және валюта нарықтары


Банкаралық мәмілелер сегментін және өтімділіктің бастапқы нарығындағы кейбір операцияларды қоспағанда, қаржы нарығындағы операциялар Қазақстан қор биржасында жүргізіледі.

Биржадағы сауда-саттықтың негізгі үлесі ақша және валюта нарықтарына тиесілі. 2019 жылғы қазан-желтоқсанда биржадағы сауда-саттықтың жалпы көлемі 27,8 трлн теңге болды, оның ішінде:

- репо операциялары нарығы – 18,9 трлн теңге (68,0%);
- своп нарығы – 5,2 трлн теңге (18,9%);
- шетелдік валюта нарығы – 2,7 трлн теңге (9,6%).

Қаржы министрлігінің МБҚ орналастыру көлемі 109,5 млрд теңгені құрады.

Биржадағы сауда-саттық көлемі, трлн теңге



I. Ақша нарығындағы жағдай

2019 жылғы IV тоқсанда Ұлттық Банктің базалық мөлшерлемесі бойынша екі шешім қабылданды. 28 қазанда және 9 желтоқсанда базалық мөлшерлеме 9,25% деңгейінде +/-1 п.т. пайыздық дәлізімен сақталды.

Ұлттық Банк қазанның ортасынан бастап репо және своп операциялары бойынша өтімділікті ұсыну және алу бойынша қосымша аралықты ашты. Күн сайынғы негізде банктердің бастамасы бойынша Ұлттық Банк 17:00 бастап 17:30 дейінгі қосымша аралықта операцияларды жүргізеді. Бұл теңгелік өтімділікке сұраныстың құбылмалығы төмендеуіне және бір күні ішінде уақыт бойынша өтімділікті барынша тең үйлестірілуіне ықпал етті.

Қосымша аралықты ашу Қазақстанның қор биржасында валюталық своптармен сауда-саттықтың жалпы көлеміне аздап ықпал етті. Мөлшерлемелердің серпіні теңгемен өтімділікке сұраныс артқан кезеңдерде тән болатын күрт өсуді көрсетті.


А) МБҚ-мен авторепо нарығы

Тоқсан ішінде ақша нарығы артық өтімділік жағдайында жұмыс істеді. Банк секторындағы өтімділіктің құрылымдық профициті тоқсан соңында 4,1 трлн теңге деп бағаланды.

TONIA ақша нарығының таргеттелетін мөлшерлемесі банк секторындағы өтімділік профицитінің аясында Ұлттық Банктің пайыздық дәлізінің төменгі шекарасының деңгейі мен базалық мөлшерлеме арасында қалыптасуын жалғастырды. РЕПО нарығында 1 күннен астам мерзімі бар қарыз алудың құны көбінесе базалық мөлшерлеменің жанында болды, бұл осы сегментте теңгелік өтімділікті ұсыну төмендеуімен байланысты (1-график). Тоқсан ішінде 1 күндік репо мәмілелері бойынша орташа алынған мөлшерлеме 8,30%-10,23%, 7-күндік мерзіммен – 8,56%-10,01%, 14 күндік мерзіммен – 8,25%-9,60%, 28 күндік мерзіммен – 8,70%-10,00% аралығында өзгерді.

1-график

МБҚ-мен репо нарығындағы пайыздық мөлшерлеме




Дереккөзі: Ұлттық Банк, Қазақстан қор биржасы

Қараша мен желтоқсанның соңында салық төлемдері мен мереке күндері кезеңі басталуы аясында мөлшерлемелердің өсуі байқалды. Бұл, өз кезегінде, тиісті нарықтарда ашық позициялардың өсуіне әкелді (2-график).

Жалпы алғанда, авторепо нарығында МБҚ-мен мәмілелердің көлемі алдыңғы тоқсанмен салыстырғанда 2,7%-ға 15,4 трлн теңгеге дейін төмендеді. Ашық позицияларда

бір күндік мәмілелердің үлесі басым – 92,2% болып қалуда. Бір күндік авторепо нарығында МБҚ-мен мәмілелердің орташа күндік көлемі бір күнде 226,1 млрд теңге болды.

2-график



Дереккөзі: Қазақстан қор биржасы

Репо овернайт нарығы


Банктердің репо овернайт нарығындағы өтімділікке сұранысы салық төлемдерімен байланысты жекелеген кезеңдерді қоспағанда, төмендеді. Ұлттық Банктің 2019 жылғы 15 қазаннан бастап өтімділікті ұсыну және алу бойынша сағат 17:00 бастап сағат 17:30 дейін қосымша аралықты ашуы репо нарығында көлемдер төмендеуіне ықпал етті. Бұл шара банктердің қысқа мерзімді өтімділікті басқару мүмкіндіктерін кеңейтуге, сондай-ақ ақша нарығының өздігінше дамуын қамтамасыз ету мақсатында Ұлттық Банктің своп пен репоның негізгі сессияларына қатысудан біртіндеп шығуы үшін алғышарттарды жасауға бағытталды.

Қосымша аралық сессиясындағы операциялардың үлесі қазанда сауда-саттықтың барлық көлемінен[1] 9% болды, 2019 жылғы желтоқсанда 27%-ға дейін ұлғайды. Бұл ретте қосымша аралықта мәмілелердің нәтижелері TONIA индикаторын есептеуге қосылмады.

Жалпы алғанда банктер бұрынғыдай репо нарығына негізгі қатысушылар болып қалуда (3-график). Ақша нарығында банктердің біршама үлесі сақталуы, сондай-ақ операциялардың бір бөлігі қосымша сессияға ауысуы нәтижесінде Ұлттық Банктің бір күндік репо нарығында жалпы көлемнен өтімділікті алу үлесі бір тоқсанда төмендеуін жалғастырды. IV тоқсанда Ұлттық Банктің орташа алғандағы үлесі алдыңғы тоқсандағы 35,6%-бен салыстырғанда 26,9% болды (желтоқсанда – 21,2%).

[1] Сауда-саттықтың жалпы көлемінде репо нарығындағы қосымша және негізгі сессиялар қамтылады

3-график




Дереккөзі: Қазақстан қор биржасы

Банктер нарықтағы қысқамерзімді өтімділіктің негізгі көзі болып қалуда. Орташа алғанда олардың өтімділікті орналастыру бойынша операцияларының үлесі нарықтың жалпы көлемінен III тоқсандағы 52,1%-дан IV тоқсанда 57,6%-ға дейін өсті.

Өтімділікті уақыт бойынша бөлу барынша бір қалыпты болды және нарықты жабу алдындағы мәмілелердің аздап өсуімен сипатталды (4-график). Осыған Ұлттық Банктің ұлттық валютамен өтімділікті ұсыну және алу бойынша қосымша аралықты ашуы ықпал етті. Нарыққа қатысушылар көбінесе күннің соңындағы бос өтімділікті орналастыру үшін репо нарығында тұрақты қолжетімділік тетігін пайдалану салдарынан бөлу барынша кеш кезеңдер жағына ауысуын сақтауда.

4-график




Дереккөзі: Ұлттық Банк, Қазақстан қор биржасы

Бір күндік репоның орташа алынған мөлшерлемесі бір күн ішінде қалыптасуы салық төлемдерімен байланысты жекелеген кезеңдерді қоспағанда, көбінесе төмендеу траекториясы бойынша орын алды (5-график). Тоқсанның екінші жартысында бір сауда сессиясы ішінде мөлшерлемелердің өзгеруі артық құбылмалықты көрсетті.

5-график

Репо овернайт мөлшерлемелерінің бір күн ішінде өзгеруі




Дереккөзі: Қазақстан қор биржасы

Ұлттық Банктің нарықтағы үлесінің төмендеуі аясында пайыздық дәліз шегінің мөлшерлемелері бойынша Ұлттық Банктің мәмілелерінен тазартылған TONIA мөлшерлемесі алдыңғы тоқсандағы сияқты барынша төмен ауытқуларды көрсетеді (6-график).

6-график

Ұлттық Банкпен жасалған мәмілелерден тазартылған репо овернайт мөлшерлемесі



Дереккөз: Ұлттық Банк, Қазақстан қор биржасы


Б) Своп нарығы

Своп нарығында мәмілелердің негізгі көлемі 2 күндік мерзімде жасалды, 2019 жылғы IV тоқсанда осы операциялардың үлесі 70,1% (III тоқсанда 75,3%) болды. Екі күндік своп мәмілелері нарығының орташа айналымы бір күнде 61,4 млрд теңге болды.

Бір күндік своп операциялары бойынша қосымша сессиядағы мәмілелердің үлесі IV тоқсанда бір күндік своп нарығындағы сауда-саттықтың жалпы көлемінің 1,4%-ы болды.


СВОП мәмілелері бойынша пайыздық мөлшерлемелер ішкі нарықтағы ахуалдың ықпалымен қалыптасты және теңге өтімділігіне жоғары сұраныс кезеңдеріне тән өсуді көрсетті. 2 күндік своп мәмілелері бойынша мөлшерлемелер 7,81%-10,19% ауқымында, ал мерзімділігі 1 күндік мәмілелер бойынша – 7,34%-10,89% аралығында (7,8-графиктер) өзгерді.

7-график



Дереккөз: Ұлттық Банк, Қазақстан қор биржасы

8-график



Дереккөз: Қазақстан қор биржасы, Ұлттық Банк


В) Ұлттық Банктің ақша нарығындағы өтімділікті реттеу бойынша операциялары

Ұлттық Банктің ақша нарығындағы операцияларының мақсаты TONIA таргеттелетін көрсеткішін базалық мөлшерлеменің деңгейіне жақын пайыздық дәліз шегінде ұстап тұру болып табылады. IV тоқсанда Ұлттық Банк базалық мөлшерлеменің деңгейінен асатын мөлшерлемелер бойынша операциялар жүргізді (9,10-графиктер). Айналыстағы ноттардың мерзімін ұзарту шаралары жалғастырылды. Өтімділіктің құрылымдық профициті жағдайында Ұлттық Банк оны көбінесе 6 және 12 айлық ноттармен алуды жалғастырды. Алайда, 28 күндік ноттар бойынша ашық позициялардың ұлғаю аясында 6 және 12 айлық ноттардың үлесі III тоқсанның соңындағы 78%-дан желтоқсанның соңындағы 56%-ға дейін төмендеді (11-график).

Тоқсан бойы өтімділікті Ұлттық Банктің ноттарымен алудың жалпы көлемі біртіндеп ұлғайып отырды және тоқсанның соңына қарай 3,4 трлн теңге болды.

9-график


Депозиттік аукциондарды өткізу талаптары



Дереккөз: Ұлттық Банк

10-график


Ұлттық Банктің қысқа мерзімді ноттарының кірістілігі



Дереккөзі: Ұлттық Банк

11-график

Ұлттық Банктің ноттары бойынша ашық позиция




Дереккөзі: Ұлттық Банк

Ұлттық Банктің тұрақты **қолжетімді операциялары** ретінде **өтімділікті алу** бойынша қысқа мерзімді мәмілелер: 1 күндік депозиттер, тікелей репо овернайт және валюталық своп мәмілелері (12-график) пайдаланылды. Өтімділікті **беру бойынша**: кері репо және валюталық своп овернайт мәмілелері (12-график). IV тоқсандағы теңге өтімділігіне жоғары сұраныс кезеңдерінде өтімділікті беру операциялары көлемінің өсуі байқалды.

12-график

Ұлттық Банктің тұрақты қолжетімді операцияларының көлемі



Дереккөзі: Ұлттық Банк

II. Валюта нарығындағы жағдай

2019 жылғы IV тоқсанда валюта нарығындағы жағдай теңгенің АҚШ долларына қатысты нығаюымен сипатталды. Жағымды сыртқы конъюнктураның сақталуы теңгенің айырбастау бағамына қысымды төмендетті. Теңгенің айырбастау бағамын ұстап тұрған анағұрлым маңызды ішкі факторлар экспорттаушылардың 2019 жылғы қарашадағы салық аптасы кезеңінде валюталық түсімді сатуы, сондай-ақ 2019 жылғы желтоқсанда мемлекеттік бағалы қағаздар нарығында шетелдік инвесторлардың келуі болды.


А) Айырбастау бағамын қалыптастырудың сыртқы және ішкі факторлары

Әлемдік нарықта мұнай бағасының біртіндеп өсуі байқалды және 2019 жылдың соңғы күні оның аздап төмендегеніне қарамастан, IV тоқсанның қорытындысы бойынша мұнайдың бағасы 8,6%-ға өсті. Қазақстанның сауда әріптестері елдердің валюталары осы кезеңде әр түрі бағыттағы үрдісін көрсетті. Ресей рублі мен юань АҚШ долларына қатысты тиісінше 4,2% және 2,6%-ға нығайды, ал еуро 2,9%-ға әлсіреді. Осының аясында теңге АҚШ долларына қатысты 2019 жылғы IV тоқсанда 1,4%-ға (13-график) нығайды.

13- график

Валюталардың серпіні және мұнай бағасы

(2019 жылғы 28 маусымда = 100)



Дереккөзі: Thomson Reuters, Қазақстан қор биржасы, Ұлттық Банктің есептері

1-қосымша

Жекелеген дамушы елдердің валюталары бойынша шолу

2019 жылғы IV тоқсанда дамушы елдердің валюта бағамдарының бір АҚШ долларына қарағанда серпіні мынадай түрде қалыптасты.

Оңтүстік Африка ранды бір АҚШ доллары үшін 15,14-тен 14,00 рандқа дейін 7,5%-ға нығайды. 2019 жылғы қарашада Moody’s халықаралық рейтингтік агенттігі ОАР кредиттік рейтингін растады. Бұл жаңалықты инвесторлар оң қабылдады, өткені инвестициялық рейтингті жоғалтқан жағдайда мемлекеттік облигациялардың жалпы

қабылданған индекстерінен шығу тәуекелі және капиталдың әкетілуі іске асырылатын еді. Елдің мемлекеттік бағалы қағаздарының дамушы нарықтардың арасында ең жоғары кірістілігі болғандықтан, шетелдік портфельдік инвестициялардың түсімі рекордтық қарқынмен ұлғайды. Бұл ұлттық валютаның нығаюына себеп болды. Тоқсан бойы ОАР ОБ негізгі мөлшерлемені 6,5% деңгейінде сақтау туралы екі рет шешім қабылдады.

Ресей рублі бір АҚШ доллары үшін 64,83 рубльден 61,95 рубльге дейін 4,4%-ға нығайды. ОПЕК+ қатысушыларының мұнай өндіруді қысқартуды жалғастыруға келісуі мұнайға баға белгілеудің өсуіне септігін тигізді, бұл рубльдің серпініне оң ықпал етті. Инвесторлардың тәуекелге мүддесінің артуы портфельдік инвестициялардың РФ-ге келуінің сақталуына септігін тигізді, бейрезиденттердің ОФЗ нарықтың жалпы көлеміндегі үлесі қарастырылып отырған тоқсанда 31,5%-ға дейін 2,5 п.т. өсті. РФ ОБ негізгі мөлшерлемесін тоқсан ішінде инфляция қарқынының баяулау аясында 7%-дан 6,25%-ға дейін екі рет төмендетті.

Мексика песосы тоқсан қорытындылары бойынша бір АҚШ доллары үшін 19,73 песодан 18,93 песоға дейін 4,1%-ға нығайды. Тоқсан ішінде USMCA мәмілесіне қатысты келісімге қол жеткізілді[2], АҚШ пен ҚХР арасындағы сауда қақтығысының бәсеңдеуі байқалды, бұл қолайлы сыртқы жағдайлардың қалыптасуына ықпал етті. Ішкі факторлар аса жағымды болған жоқ – экономиканың өсуі 0,1%-ға дейін баяулады. 2019 жылғы қараша мен желтоқсанда Мексика ОБ инфляцияның төмендеуі және экономиканың баяу өсуі аясында негізгі мөлшерлемені 7,25%-ға дейін төмендетуді жалғастырды.

Бразилия реалы Бразилия Сенатының зейнетақы реформасы жөніндегі заң жобасын мақұлдауы аясында бір АҚШ доллары үшін 4,16 реалдан 4,02 реалға дейін 3,4%-ға нығайды, ол мемлекеттік бюджет қаражатын үнемдеуге мүмкіндік береді. Бразилия ОБ негізгі мөлшерлемені екі рет 4,5% рекордтық төмен деңгейге дейін 50 б.т. төмендетті. Ел экономикасы қарастырылып отырған тоқсан ішінде жануды көрсетті – экономикалық белсенділік пен бөлшек сауда көрсеткіштері жақсарды. Инвесторлардың тәуекел дәрежесінің жақсаруы аясында ел экономикасы бойынша оң деректердің шығуы Бразилия реалының нығаюы факторына айналды.

Индонезия рупиясы АҚШ пен ҚХР арасындағы сауда қақтығысының бәсеңдеуі және ОБ-ның бағамдық саясатқа қатысты риторикасының өзгеруі аясында бір АҚШ доллары үшін 14 195 рупиядан 13 866 рупияға дейін 2,3%-ға нығайды. Реттеушінің өкілдері Индонезия рупиясының тұрақты бағамын ұстап тұру сияқты алдыңғы ұстанымға қарағанда, ағымдағы шот тапшылығын азайту және тұрақты инфляция перспективаларынан оның нығаюына жол беруге дайын екендіктерін айтты. Тоқсан ішінде Индонезия ОБ негізгі мөлшерлемені 5%-ға дейін төмендетті. Реттеуіштің болжамы бойынша 2019 жылы ІЖӨ өсуі 5,1% деңгейінде қалады.


Үндістан рупиясы бір АҚШ доллары үшін 70,87 рупиядан 71,38 рупияға дейін 0,7%-ға әлсіреді. 2019 жылғы 4-тоқсанда Ұлттық валютаның құнсыздануы ішкі факторлардың: экономикалық өсудің баяулауы және инфляцияның дәліздің жоғарғы шегіне дейін жеделдету аясында болды. 3-тоқсанда ІЖӨ өсу қарқыны жылдық мәнде

[2] The United States – Mexico – Canada Agreement

4,5%-ға дейін төмендеді, импорт қарастырылып отырған кезең ішінде теріс өсуді көрсетті. Үндістан ОБ-і инфляцияның өсу тәуекелдеріне байланысты негізгі мөлшерлемені 5,15% деңгейінде сақтап қалды.

Түрік лирасы Түркия мен АҚШ қарым-қатынасының нашарлау қаупі аясында бір АҚШ доллары үшін 5,65 лирадан 5,95 лираға дейін 5,3%-ға құнсызданды. Желтоқсанда ел Президенті Р. Эрдоган Вашингтон Ресей қару-жарағын сатып алуға байланысты санкциялар туралы ескерткеннен кейін АҚШ үшін екі стратегиялық әскери базаны жабамен деп сес көрсетті. Түркия экономикасы 3-тоқсанның нәтижелері бойынша реттеушінің ақша нарығындағы жағдайларды жеңілдетуге бағытталған шаралары аясында баяу өсуді (+0,9% ж/ж) көрсетті. Негізгі мөлшерлеме 16,5%-дан 12%-ға дейін төмендеді.


2019 жылғы 4-тоқсанда дамушы елдер валюталарының АҚШ долларына қатысты бағамдарының өзгеруі



2019 жылғы қарашада теңгенің нығаюына салық апталығы – экспорттаушылардың валюталық түсімді кейіннен салық төлеу үшін конвертациялауы кезеңі ықпал етті. Салық аптасына тура келген валюта ұсынысының ұлғаюы валюта нарығындағы сұраныс пен ұсыныстың теңгерімін қалпына келтіруге мүмкіндік берді. Жекелеген кезеңдерде нарыққа қатысушылардың шетел валютасын сатуға өтінімдерінің сатып алу өтінімдерінен асып түсуі байқалды (14-график). Сонымен қатар, бейрезиденттердің мемлекеттік бағалы қағаздар нарығына келуі байқалды.

14-график

АҚШ долларын сатуға және сатып алуға өтінімдер саны



Дереккөзі: Қазақстан қор биржасы


Б) Валюта нарығының жекелеген сегменттеріндегі жалпы жағдай

2019 жылғы IV тоқсанда биржалық валюта сауда-саттығына қатысушылардың белсенділігі біршама төмендеді. USD/KZT валюталық жұбының биржалық сауда-саттығының жалпы көлемі өткен тоқсанмен салыстырғанда 6,0%-ға төмендеп, 6,8 млрд АҚШ долларын құрады (2019 жылғы III тоқсанда – 7,2 млрд АҚШ доллары).

Банкаралық валюта нарығындағы сауда-саттықтың жалпы көлемі 30,2 млрд АҚШ долларына дейін 0,1%-ға шамалы ұлғайып (2019 жылғы III тоқсанда – 30,1 млрд АҚШ доллары), іс жүзінде сол деңгейде қалды (15-график).

15- график

Биржалық және банкаралық валюта нарықтарындағы сауда-саттық көлемі



Дереккөзі: Ұлттық Банк


В) Биржалық валюта нарығындағы операциялар

Тоқсанның басым бөлігі ішінде теңге АҚШ долларына қатысты бір АҚШ доллары үшін ең төменгі 378,63 теңге деңгейіне жетіп (25 желтоқсан), біртіндеп нығайды. Желтоқсанның соңында теңге бағамы кезеңнің соңында бір АҚШ доллары үшін 382,6 теңгені құрап, біршама әлсіреді.

Қаралып отырған тоқсан ішінде сауда-саттықтың бір күндегі орташа көлемі 107,5 млн АҚШ долларын құрады, бұл 2019 жылғы III тоқсан көрсеткішінен 4,5%-ға төмен (112,5 млн АҚШ доллары). Сауда-саттықтың ең жоғары бір күндік көлемі 214,0 млн АҚШ долларын (2019 жылғы III тоқсанда – 203,9 млн АҚШ доллар), ең төменгі бір күндік көлемі 40,2 млн АҚШ долларын (2019 жылғы III тоқсанда – 58,5 млн АҚШ доллары) құрады.

2019 жылғы IV тоқсанда Ұлттық Банктің валюта нарығына нетто-қатысуы 0-ге тең болды (16-график).


16-график



Дереккөзі: Thomson Reuters, Ұлттық Банк

2019 жылғы IV тоқсанда валюта нарығында 25%-дан астам мәміле жасалатын сауда күні ішінде негізгі шегі сауда-саттықты ашуға – күндізгі сағат 10:15 және 10:45 уақыт аралығына тиесілі (2019 жылғы III тоқсанда – 34,3%). Бұл ретте 2019 жылғы IV тоқсанда бөлудің барынша кеш кезеңдер жағына ығысуы - 11:45, 12:45 және 14:15 байқалды (17-график).

17-график




Дереккөзі: Ұлттық Банк, Қазақстан қор биржасы

Биржа нарығындағы мәмілелердің түрлері бөлігінде спот, валюталық своп және фьючерс бойынша операциялар өтеді. 2019 жылғы IV тоқсанда биржалық валюта нарығындағы мәмілелердің жалпы көлемі (спот, валюталық своп және фьючерс мәмілелерін қоса алғанда) өткен тоқсанмен салыстырғанда 26,8%-ға дейін (2019 жылғы III тоқсанда – 27,2 млрд АҚШ доллары) азайып, 19,9 млрд АҚШ долларын құрады. Қарастырылып отырған кезеңде валюталық своптар бойынша мәмілелер көлемі 13,2 млрд АҚШ долларына дейін 34,2%-ға төмендеді (2019 жылғы III тоқсанда – 20,0 млрд АҚШ доллары). Жалпы алғанда, валюталық своп операцияларының жалпы көлемі мәміле

спотының көлемінен 1,9 есе асып түсті. Бұл ретте бір де бір фьючерстік операция жүргізілген жоқ (18-график).

18-график




Дереккөзі: Қазақстан қор биржасы, Ұлттық Банк

Своп нарығында бір күндік және екі күндік, бір апталық және бір айлық операциялар өткізілген. 2019 жылғы IV тоқсанда бір күндік валюталық своптар бойынша мәмілелер көлемі алдыңғы тоқсанмен (2019 жылғы III тоқсанда – 4,8 млрд АҚШ доллары) салыстырғанда 20,8%-ға азайып, 3,8 млрд АҚШ долларын құрады; екі күндік валюталық своптар бойынша мәмілелер көлемі алдыңғы тоқсанмен (2019 жылғы III тоқсанда – 14,7 млрд АҚШ доллары) салыстырғанда 37,7% төмендеп, 9,2 млрд АҚШ долларын құрады.

Бір апталық және бір айлық валюталық своптар бойынша мәмілелер тым сирек өткізілді және тек 1,6% құрады. Бір апталық своптардың көлемі алдыңғы тоқсанмен (2019 жылғы III тоқсанда – 364 млн АҚШ доллары) салыстырғанда 51,1% азайып, 178,0 млн АҚШ долларын құрады. Бір айлық своптар бойынша мәмілелер көлемі алдыңғы тоқсанмен (2019 жылғы III тоқсанда – 140 млн АҚШ доллары) салыстырғанда 80,8% төмендеп, 26,9 млн АҚШ долларын құрады (19-график).

19-график




Дереккөзі: Қазақстан қор биржасы


2019 жылғы IV тоқсанда теңгенің айырбастау бағамының құбылмалылығы біртіндеп жоғарлады және теңге бағамының АҚШ долларына 379 теңге белгісіне жуық ауытқуымен 2019 жылғы желтоқсанның аяғында ең жоғарғы шегіне жетті. Нәтижесінде теңгенің айырбастау бағамының стандартты ауытқуы өткен тоқсандағы 1,7 теңге ауытқумен салыстырғанда 2,8 теңгені құрады. Айырбастау бағамы құбылмалылығы деңгейінің жоғарлауы 2019 жылғы IV тоқсанда АҚШ долларына қатысты сұраныс пен ұсыныс бағамдарының арасындағы спредтердің артуына әсер етті (20-график).

20-график

Валюта биржасындағы теңгенің АҚШ долларына қатысты айырбастау бағамының құбылмалылығы, %



Биржа нарығындағы теңгенің АҚШ долларына қатысты сұраныс пен ұсыныс бағамдарының арасындағы спреді



Дереккөзі: Thomson Reuters, Ұлттық Банктің есептері


Г) Биржадан тыс валюта нарығындағы операциялар

Банкаралық валюта нарығы

Мәмілелер типтері бөлігінде банкаралық валюта нарығында спот, валюталық своп және форвард бойынша операциялар жүргізіледі. 2019 жылғы IV тоқсанда биржадан тыс валюта нарығындағы мәмілелердің жалпы көлемі өткен тоқсанмен салыстырғанда айтарлықтай өзгерген жоқ және баламасында 66,7 млрд АҚШ доллары болды (2019 жылғы III тоқсанда – 66,8 млрд АҚШ доллары). Биржадан тыс валюта свопы операцияларының көлемі спот мәмілелердің көлемінен 21%-ға артты. Биржадан тыс мәмілелердің жалпы көлемінде форвардтық мәмілелердің үлесі әлідеаз және 2019 жылғы IV тоқсанда алдыңғы тоқсандағы 1,7% деңгейінде қалды (21-график).

21-график

Банкаралық валюта нарығындағы мәмілелер типі бойынша сауда-саттық көлемі




Дереккөзі: Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі

Биржалық спот операцияларынан асып түсетін банкаралық спот операцияларының айтарлықтай көлеміне қарамастан, осы мәмілелердің басым саны мен көлемдері валюталық мәмілелерге, яғни шетел валютасын сатып алу және сату жөніндегі мәмілелерге жатпайды. Банкаралық нарық статистикасында валюталық тәуекелдерді хеджирлеу бойынша операциялар да көрсетіледі. Мысалы, 2019 жылғы IV тоқсанда басым жағдайда бір еншілес банктің меншік капиталын валюталық тәуекелдерден хеджирлеу бойынша операцияларының көлемі 19,1 млрд АҚШ долларын немесе биржадан тыс сауда-саттықтың жалпы көлемінен 63,5%-ды құрады (2019 жылғы III тоқсанда – 71,0%). Аталған операциялар банктік топ ішінде жүргізілді және ішкі валюта нарығындағы шетел валютасының сұранысы мен ұсынысының көлеміне және тиісінше, теңгенің айырбастау бағамын қалыптастыруға әсер етпеді (22-график).

22-график

Банкаралық валюта нарығындағы KZT/USD валюта жұбы сауда-саттығының көлемі



Дереккөзі: Ұлттық Банк

Валюталық тәуекелдерді хеджирлеу бойынша мәмілелерсіз банкаралық нарықтағы спот сауда-саттықтың көлемдері біршама аз және биржалық валюта нарығындағы спот сауда-саттық көлемдерімен салыстырмалы. 2019 жылғы IV тоқсанда банкаралық валюта нарығында сауда-саттықтың көлемі (меншік капиталды хеджирлеу бойынша мәмілелерді қоспағанда) 11,0 млрд АҚШ долларын құрады, ол алдыңғы тоқсандағыдан 26,0%-ға көп (2019 жылғы III тоқсанда – 8,7 млрд АҚШ доллары). Банкаралық валюта нарығында сауда-саттықтардың көлемі квазимемлекеттік сектордың қарыздарын өтеу бойынша мәмілелерге байланысты ағымдағы жылдың қазан айында күрт өсті.

Биржадан тыс валюта нарығындағы валюталық своп мәмілелері


Биржадан тыс валюта нарығында валюталық своп бойынша мәмілелер жүзеге асырылады, олардың қатысушылары банктер, сол сияқты бағалы қағаздар нарығының басқа да кәсіби қатысушылары болып табылады.

2019 жылғы IV тоқсанда валюталық своп бойынша операциялардың көлемі 0,6%-ға төмендеу көрсеткішімен шамамен өткен тоқсандағы деңгейде қалды және 35,2 млрд. АҚШ доллары болды (2019 жылғы III тоқсанда – 35,4 млрд АҚШ доллары). Своп нарығындағы операциялардың жалпы көлемі АҚШ доллары бойынша мәмілелерге тиесілі – 76,2% (2019 жылғы III тоқсанда – 78,3%). Валюталық своптың АҚШ доллары және теңге бойынша үлесі своп нарығындағы операциялардың жалпы көлемінен 20,0% (2019 жылғы

III тоқсанда – 28,0%) құрады. 2019 жылғы IV тоқсанда нарыққа қатысушылардың теңгеге байланысты емес своп мәмілелеріне басымдықтары сақталды (23-график).

23-график

Биржадан тыс своп нарығында валюталарға бөлінген операциялар



Дерекөзі: Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі


Биржадан тыс валюта нарығындағы форвардтық мәмілелер

Биржадан тыс валюта нарығында қатысушылары банктер ғана емес бағалы қағаздар нарығының басқа кәсіби қатысушылары да болып табылатын жеткізілімді және жеткізілімсіз валюталық форвардтар бойынша мәмілелер жүзеге асырылады.

2019 жылғы IV тоқсанда форвард бойынша операциялардың көлемі алдыңғы тоқсанмен салыстырғанда 5,5%-ға төмендеп, 1 050,5 млн АҚШ доллары (2019 жылғы III тоқсанда – 1 111,2 млн АҚШ доллары) болды. Форвард нарығында операциялардың негізгі көлемі – 78,3% (2019 жылғы III тоқсанда – 91,3%) АҚШ доллары мен теңге бойынша мәмілелерге тиесілі болды. Теңгені сатып алумен/сатумен байланысты емес форвард мәмілелері басқа валюталармен мәмілелерге жатады және олардың үлесі форвард нарығындағы операциялардың жалпы көлемінен 19,8% (2019 жылғы III тоқсанда – 5,5%) болды (24-график).

24-график

Форвард нарығындағы валюталарға қатысты операциялар



Дерекөзі: Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі

Д) Жеткізілімсіз валюталық форвардтар нарығы


IV тоқсанда жеткізілімсіз валюталық форвардтар бойынша спредтер (NDF – Non-Deliverable Forward) біртіндеп кеңейе түсті.

2019 жылғы желтоқсанның соңында АҚШ долларына қатысты теңгенің нығаюына қарамастан тоқсан ішінде айырбастау бағамы бойынша болжаулар орташа алғанда теңгенің биржалық айырбастау бағамының деңгейінен 1 айлық жеткізілімсіз валюталық форвардтар бойынша 0,5%-ға (III тоқсанда – 0,39%), 3 айлық валюталық форвардтар бойынша 1,76%-ға (1,52%), 6 айлық валюталық форвардтар бойынша 3,86%-ға (3,41%), 12 айлық валюталық форвардтар бойынша 8,04%-ға (7,24%) жоғары болды (25-график).

25-график

Жеткізілмейтін валюталық форвардтар бойынша мөлшерлемелердің спреді

(2019 жылғы 28 маусым = 1)



Дерекөзі: Қазақстан қор биржасы, Thomson Reuters, Ұлттық Банктің есептері


Е) Қолма-қол шетел валютасы нарығы

2019 жылғы IV тоқсанда халық 827,5 млрд. теңгеге барабар сомаға қолма-қол шетел валютасын сатып алды (2019 жылғы III тоқсанда – 764,7 млрд теңге). Алдыңғы тоқсанмен салыстырғанда бұл шығыстар 8,2%-ға ұлғайды.

Қарастырылып отырған кезеңде шығыстардың негізгі көлемі АҚШ долларын – 74,1% (2019 жылғы III тоқсанда – 64,6%) сатып алуға бағытталды. Ресей рублінің үлесі 17,4% (2019 жылғы III тоқсанда – 21,3%) және еуро – 8,3% (2019 жылғы III тоқсанда – 13,7%) болды (26-график).

26-график

Халықтың шетел валютасын сатып алуы/сатуы



Дерекөзі: Ұлттық Банк

2-қосымша


2019 жылғы қолма-қол шетел валютасы нарығындағы ахуал

Қолма-қол шетел валютасы нарығындағы үрдістер халық тарапынан валютаға сұранысты көрсетеді. Бұл нарыққа ішкі және сол сияқты сыртқы экономикалық және саяси оқиғалар әсер етеді. Сату көлеміне негізгі факторлармен қатар маусымдылық, валюта бойынша басымдықтар, ел экономикасының жалпы үрдістері, әлем нарықтарындағы жағдай ықпал етеді.

Қолма-қол шетел валютасы нарығы валюта нарығының басқа сегменттерімен салыстырғанда шетел валюталарының түрлері бойынша әртараптандырылған. Егер биржада және биржадан тыс нарықта валюталық мәмілелер негізінен АҚШ долларымен (90%-дан астам) жүргізілсе, 2019 жылы қолма-қол шетел валютасы нарығындағы басқа шетел валюталарының (рубль, еуро, фунт стерлинг және юань) үлесі 32% болды.

2019 жылы қолма-қол шетел валютасы нетто-сатылымының жалпы көлемі 2 443,8 млрд теңгеден 3 022,6 млрд теңгеге дейін ұлғайып, 2018 жылғы деңгейден 23,7%-ға жоғары болды. 2019 жылы АҚШ доллары басымдық берілген негізгі валюта болып қалды - шетел валютасын сатып алуға жұмсалған шығыстардың жалпы көлемінде АҚШ долларын сатып алу шығыстарының үлесі 67,7%, Ресей рублі – 20,4%, еуро - 11,6% болды. 2018 жылмен салыстырғанда халықтың АҚШ долларын сатып алу шығыстары 45,3%-ға (1 409,1 млрд теңгеден 2 046,7 млрд теңгеге дейін) ұлғайды, ал Ресей рублін сатып алу шығыстары 16,9%-ға (740,8 млрд теңгеден 615,3 млрд теңгеге дейін) азайды.

Айырбастау пункттерінің қолма-қол шетел валютасын нетто-сату серпіні, млрд



Дерекөзі: Ұлттық Банк

2019 жылғы маусымда айырбастау пункттерінің соңғы төрт жылдағы АҚШ долларын нетто-сату көлемінің ең жоғары өсімі белгіленді. Бұл ҚР Президентін мерзімінен бұрын сайлауды өткізгеннен кейін теңгенің бірден құлдырайтындығы туралы жалған ақпарат аясында жағымсыз ахуалдың бірден өсуіне байланысты болды. Бірақ, кейінгі айларды қолма-қол шетел валютасы нарығының жағдайы тез қалпына келді және АҚШ долларын нетто-сату көлемі орташа алғанда өткен жылдардағыдай деңгейде сақталып қалды.

Жаз айларында әдеттегідей шетел валютасын сатудың өсу үрдісі сақталады, ол маусымдық сұранысты көрсетеді. Бұл жеке тұлғалардың жеке шығыстарын (шетелге туристік сапарлар, шетелге ақша аудару, жинақтарды әртараптандыру) төлеу қажеттілігімен, сонда-ақ негізінен сауда қызметін жүзеге асыратын шағын кәсіпкерлердің жекелеген санаттарының қажеттіліктерімен түсіндіріледі.

III. Қор нарығындағы ахуал

Қаржы жылының соңында мемлекеттік облигациялар эмиссиясының әдеттегідей бәсеңдеуі салдарынан 2019 жылғы IV тоқсанда бастапқы қор нарығында жалпы орналастыру көлемінің қысқарғаны байқалды. Корпоративтік секторда керісінше алдыңғы кезеңдермен салыстырғанда тартылатын қаражаттың ұлғайғаны байқалды. Жалпы корпоративтік облигациялар эмитенттерінің арасында, оның ішінде «Баспана» ИҰ» АҚ-та орта мерзімді және ұзақ мерзімді міндеттемелерді шығарудың айқын үрдісі байқалды. Орналастыру көлемі бойынша квазимемлекеттік сектор өкілдері алдыңғы орында қалады , ал одан кейін БЖЗҚ мен ЕДБ тұр.

Қаржы министрлігі мемлекеттік бағалы қағаздар нарығында тәуекелсіз кірістілік қисығының орта мерзімді және ұзақ мерзімді сегменттерін құруға әсер ететін міндеттемелер шығаруды жалғастыруда. 2019 жылдың алдыңғы кезеңдеріне қарағанда IV тоқсанда эмиссиялардың өсу қарқынының қысқаруына қарамастан 2018 жылдың осы кезеңімен салыстырғанда мемлекеттік облигацияларды шығару көлемінің бірқалыпты ұлғайғаны байқалады.


А) Мемлекеттік бағалы қағаздар нарығы.

Қазақстан қор биржасының бастапқы нарығындағы мәмілелердің негізгі көлемі Қаржы министрлігінің мемлекеттік бағалы қағаздарымен операцияларға тиесілі. IV тоқсанда 109,4 млрд теңге сомасына Қаржы министрлігінің мемлекеттік бағалы қағаздары орналастырылды. 2019 жылғы қазан-желтоқсанда 16 аукцион өткізілді, онда 8,92%-дан 9,90%-ға дейінгі аралықта өтеу кірістілігімен 5-жылдық МЕОКАМ және 7-жылдық, 9-жылдық, 13-жылдық, 14-жылдық, 15-жылдық, 18-жылдық және 25-жылдық МЕУКАМ орналастырылды (27-график).

Тоқсан ішінде жергілікті атқарушы органдардың мемлекеттік бағалы қағаздарын орналастырудың бірқалыпты көлемі байқалды. IV тоқсан бойынша 6 облыс және республикалық маңызы бар 1 қала 2 жылдық мемлекеттік облигацияларды 21,1 млрд теңге сомада жылдық 0,35% орташа алынған кірістілікпен орналастырды.

27-график

Мемлекеттік бағалы қағаздарды 2019 жылғы IV тоқсанда орналастыру




Түркістан облысының әкімдігі	5,6
БҚО әкімдігі	4,6
ШҚО әкімдігі	4,6
Атырау облысының әкімдігі	3,2
Маңғыстау облысының әкімдігі	1,9
Алматы қаласының әкімдігі	1,1
Алматы облысының әкімдігі	0,2

Дереккөзі: Қазақстан қор биржасы

2019 жылғы қарашаның басында кірістілік қисығының[3] инверсиялық түрі сақталды (28-график). Қысқа мерзімді секторда сыйақы мөлшерлемесінің өзгеруі байқалды, сол кезде орта мерзімді міндеттемелер кірістілігі аз ғана төмендеді. Мұндай динамика нарыққа қатысушылардың қызығушылығының артуына орай қазанда 10 жылға дейінгі өтеу мерзімімен мемлекеттік міндеттемелердің шығуымен байланысты. Келесі екі айды іріктеу қысқа мерзімді құралдар кірістілігінің жылдық 10%-дан төмен түскенін, ал 8 жылға дейінгі орта мерзімді облигациялар кірістілігінің бірқалыпты өсуін көрсетті. Нәтижесінде кірістілік қисығы нақты анықталған инверсия түріне ие болды. Ұзақ мерзімді борыштық міндеттемелер бойынша сыйақы мөлшерлемелері қаралған уақыт кезеңінде шамамен бірдей деңгейде болды. 2019 жылдың соңғы 2 айында кірістілік қисығы айтарлықтай өзгеріске ұшыраған жоқ, бұл нарыққа қатысушылардың қалыптасқан тұрақты болжауларын білдіреді.

28-график



Дерекөзі: Қазақстан қор биржасы


Б) Корпоративтік облигациялар нарығы.

«Қазақстан қор биржасы» АҚ (бұдан әрі – KASE) деректеріне сәйкес KASE-дегі корпоративтік облигациялардың сауда-саттық көлемі алдыңғы тоқсанмен салыстырғанда 7,7%-ға өсіп, 2019 жылғы IV тоқсанда 575,9 млрд теңгені құрады.

Бастапқы нарықтағы сауда-саттық көлемі 2019 жылғы III тоқсандағы 458,5 млрд теңгеден 2019 жылғы IV тоқсандағы 558,2 млрд теңгеге дейін 21,7%-ға өсті. Бастапқы нарықтағы сауда-саттық көлемінің үлесі корпоративтік облигациялар нарығында сауда-саттықтың жиынтық көлемінің 97%-ын құрады. Қаралатын кезеңде барлығы 11 эмитент орналастырылды (29-график).

[3] Қараша мен желтоқсанда кірістілік қисығын құру үшін Қазақстан қор биржасының ресми сайтында жарияланған Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздарының кірістілік функциясын анықтаудың жаңа әдістемесі қолданылды.


29-график



Дереккөзі: Қазақстан қор биржасы
** "Көтерме бөлшек сауда кәсіпорны" АҚ*

Қаржы тартудың негізгі үлесі «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ (53,7% немесе 300 млрд теңге), «Баспана» ИҰ» АҚ (22,4% немесе 125,1 млрд теңге), «Қазақстанның Даму Банкі» АҚ (9% немесе 50 млрд теңге) және «Аграрлық кредиттік корпорациясы» АҚ-қа (5,2% немесе 28,8 млрд теңге) тиесілі болды (30-график).


30-график



Корпоративтік облигацияларды орналастырудың уақыт шегі бойынша 1 жылдан асатын ұзақ мерзімді қағаздар басым болды. 1 жылға дейінгі сегментте 2019 жылғы IV тоқсанда жалғыз эмитент – «Баспана» ИҰ» АҚ 237 күн өтеу мерзімімен орналастырылды. Басқа да орналастырулар 1,7 жылдан 20 жылға дейінгі айналыс ауқымында болды (31-график). Жалпы алғанда, 2019 жылдың аяғында ұзағырақ міндеттемелерді шығару үрдісі байқалды, оның ішінде бұрын бір жылға дейінгі мерзіммен тұрақты орналастырылып отырған «Баспана» ИҰ» АҚ тарапынан. Мұндай динамика қатысушылар тарапынан экономикалық жағдайларға қатысты болжауларының өзгеруін, сондай-ақ орта мерзімді облигацияларға тұрақты сұраныстың қалыптасуын көрсетеді деп болжауға болады. Ең ұзақ корпоративтік облигацияларды квазимемлекеттік сектордағы институционалды инвесторлар шығарды.

31-график

Бастапқы нарықта орта/ұзақ мерзімді корпоративті облигацияларды (1жылдан астам) орналастырудың уақыт шегі



Дереккөзі: Қазақстан қор биржасы

Қайталама нарықтағы сауда-саттық көлемі 2019 жылғы III тоқсанмен салыстырғанда 17,7 млрд теңгеге дейін 4,3 есеге төмендеді. KASE_BMY корпоративтік облигациялардың кірістілік индексі орта есеппен жылдық 10,6%-ды құрады, ол алдыңғы тоқсаннан 0,1 п.т. төмен.

«Фридом Финанс» АҚ 2,98-ден 3,8-ге дейінгі ауқымдағы белсенділік коэффициентімен[4] 2019 жылғы IV тоқсан бойы «борыштық бағалы қағаздарды сатып алу-сату» сегментінде неғұрлым белсенді болып табылды.

2019 жылдың соңында KASE сауда тізімдерінде 71 эмитент шығарған корпоративтік облигациялардың 256 атауы болды.

[4] Белсенділік коэффициентін есептеу әдістемесі KASE сайтында берілген